

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған мемлекеттік сапармен Астанаға келді.

Мемлекет басшылары екіжақты байланыстардың қазіргі жай-күйі мен болашағын талқылайды. Бұған қоса президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізеді.

№55-56
(4954)
Бейсенбі
14 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 15 мамырда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын» деп жазылған Өкім мәтінінде.

ОРТАША ЖАЛАҚЫ ӨСТІ

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы елдегі 2026 жылдың бірінші тоқсанына арналған жалақы туралы жаңартылған мәліметтерді жариялады.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2026 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан бойынша орташа айлық атаулы жалақы 461 486 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша: 2025 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда өсім 109,1%-ды, нақты мәнде – 97,7% өсті. Жалақының медианалық мәні (жалақы қатарының орталық деңгейі) 2026 жылғы I тоқсанда бағалау бойынша 331527 теңгені құрады.



АСТАНА АЖАРЫН АЙШЫҚТАҒАН

Астанада LRT жүйесінің барлық стансалары мен пойыздары сынақтан өтіп, пайдалануға толық дайын екені анықталды. LRT құрамының әрқайсысы 600-ден астам жолаушыны тасымалдауға арналған. Пойыздар жүргізушісіз режимде қатынайды. Жолақысы – 200 теңге, жеңілдік санаты бар азаматтар үшін тегін болады.

16-17 МАМЫР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар.
Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін мына мекенжайда өтеді:
«Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



ЛЕОНАРДО ДА ВИНЧИ КӨРМЕСІ

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында 19 мамыр мен 30 қыркүйек аралығында әйгілі Леонардо да Винчидің өмірі мен ғылыми ізденістеріне арналған Leonardo da Vinci: Genius of the Renaissance халықаралық көрмесі өтеді.

Елордаға Рим және Флоренция музейлерінен Леонардо да Винчидің атақты Винчи кодекстеріндегі сызбалары мен жазбалары негізінде жасалған 40-тан астам толық көлемді механизм үлгілері жеткізілді. Көрме шамамен 3 мың шаршы метр аумақты қамтиды.

Көрме күн сайын сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін демалыссыз жұмыс істейді.

МУЗЕЙДІ ТҮНДЕ ТАМАШАЛАҢЫЗ

18 мамырда сағат 10:00-ден түнгі 00:00-ге дейін елордадағы Ұлттық музейде Халықаралық музейлер күніне арналған дәстүрлі «Музей түні – 2026» мәдени-танымдық акциясы өтеді.



Акцияға жиналған жұртшылық танымал тұлғалардың қатысуымен «Жұлдызды гид» шоу-жобасын қызықтап, «Музейдегі түн» квест-ойынына қатысып, музейдің ғылыми қызметкерлерінің залдар бойынша авторлық экскурсияларын тамашалай алады.

Сонымен қатар «Қолөнершілер жәрмеңкесі» мен зергерлік бұйымдар, керамика, мата, кілем және киіз бұйымдарын қалпына келтіру бойынша шеберлік сабақтары өткізіледі.

«Музей түні» акциясы ҚР Ұлттық музейінде дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Өткен жылы акцияға келушілер 30 мыңнан асқан болатын.

№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



МӘРТЕБЕЛІ МЕЙМАНДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанды қарсы алды.

Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына дейін Түркия Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты. Түркия Президентінің келуіне орай трап алдында Құрмет қарауылы ротасы сап түзеді. Екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар Режеп Тайип Ердоған бастаған Түркия елінің ресми делегациясына «Ata yurda hoş geldiniz!» – «Атажұртқа қош келдіңіз!» деп екі тілде қошемет көрсетті. Сол сәтте Түркия мен Қазақстан туларын желбіреткен тікұшақтар алаң үстімен ұшып өтті.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАҢ БОЛАДЫ

Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулерін бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобалары бірқатар нормаларды «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес келтіруге бағытталған. Атап айтқанда, округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау және бір мандатты округ бойынша сайланған мәслихат депутатын кері қайтарып алған жағдайда оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері реттеледі.

Бұдан бөлек, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарында жергілікті қоғамдастық жиналысының құрамы туралы мәліметтерді міндетті түрде жариялауды енгізу ұсынылды. Түзетулер арқылы сайлау өткізу тәртібі де жетілдіріледі. Атап айтқанда, кандидаттардың сайлау қорларынан тыс қаржы немесе басқа да материалдық көмек тартқаны үшін жауапкершілігін белгілеу ұсынылды. Сонымен қатар онлайн-платформа қолданушыларына үгіт-насихат жүргізу, сайлауалды дебаттар мен қоғамдық пікір сауалнамаларының нәтижелерін және сайлау болжамдарын жариялау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

ҮКІМЕТ

КОКС ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстанда қуаты жылына 1 млн тонна болатын металлургиялық кокс өндіретін жаңа өндіріс іске қосылады. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы әртараптандыру және жоғары қайта бөлу кластерлерін құру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі Энергетика министрлігі мен «Kazakhstan Success Coking Energy» ЖШС арасындағы Қарағанды облысында металлургиялық кокс өндіретін зауыт салу бойынша инвестициялық келісімді мақұлдады. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Жоба Қарағанды облысы Абай ауданы Дубовка кентінде қуаты жылына 1 млн тоннаға дейін металлургиялық кокс өндіретін кәсіпорын салуды көздейді. Жеке инвестициялардың жалпы көлемі – 63,5 млрд теңге. Кәсіпорында 500-ге дейін тұрақты жұмыс орны ашылады, ал жерасты кенішінің құрылысы қосымша 500 жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Зауыт құрылысы көмір шикізатын терең өңдеуді дамытуға, жоғары қосылған құны бар өнім шығаруға және Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға бағытталған. Көмір химиясы өнімдері энергетика, ауыл шаруашылығы, металлургия, фармацевтика және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Ішкі нарық толық қамтылған соң, артық өнім экспортқа шығарылады.

Өндірісті іске қосу 2029 жылға жоспарланған. Алғашқы кезеңде қуаты жылына 500 мың тоннаға дейін кокс өндіруге мүмкіндік береді. 2031 жылдың соңына қарай кәсіпорын толық жобалық қуатына шығып, жылына шамамен 1 млн тонна металлургиялық кокс өндіруді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ инвестор құрылыс барысында отандық өндірушілердің тауарларын, жұмыс күшін және қызметтерін пайдалануға басымдық беруге міндеттеме алады. Бұл қазақстандық жеткізушілердің жүктемесін арттырып, жобаның аралас салаларға экономикалық істерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жоба Қазақстанның индустриялық базасын дамыту үшін маңызды: ол жеке инвестициялар тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, отандық жеткізушілерді қолдау және қосылған құны жоғары өнім өндіру міндеттерін біріктіреді.

БРАЗИЛИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Бразилияның Сыртқы істер министрі Мауро Виейраны қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Бразилия Қазақстанның Латын Америкасындағы басты серіктестерінің бірі екенін айтты.

«Сіздің Қазақстанға сапарыңыз дер кезінде ұйымдастырылып отыр. Бұл екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға тың серпін беретініне сенімдімін. Елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастық дәйекті түрде дамып келе жатыр. Сізбен бірге үлкен іскерлік делегация келді. Бұл Қазақстанмен ықпалдастықты ілгерілетуге аса жауапкершілікпен қарайтындарыңызды көрсетеді» деді Президент.



Мемлекет басшысы Президент Лула да Сильваға ізгі сәлемі мен ыстық ықыласын жолдап, елімізге сапармен келуге шақырды. Мауро Виейра Қазақстанға Бразилия Президентінің арнайы тапсырмасы бойынша келгенін жеткізді. Оның айтуынша, екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі кеңейтудің әлеуеті зор. Қазақстан Президенті мен Бразилия Сыртқы істер министрі энергетика, тау-кен металлургия кешені, ауыл шаруашылығы, инновация және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы халықаралық қауіпсіздік, ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау мәселелерінде өзара күш біріктірудің маңызына тоқталды. Бұдан бөлек, БҰҰ және оның құрылымдарын реформалау жайы, сондай-ақ Иранның ядролық бағдарламасы төңірегіндегі ахуал қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның атом қуатын МАГАТЭ бақылауымен тек бейбіт мақсатта пайдалануға бейіл екенін растады. Кездесуде еліміз ядролық қаруды таратпау бойынша халықаралық аренада зор сенімге ие екені айтылды. Сонымен қатар елімізде ядролық материалдарды қауіпсіз пайдалануға қажетті инфрақұрылым, сарапшылық және ғылыми-техникалық база қалыптасқан. МАГАТЭ-нің аз байытылған уранды сақтайтын әлемдегі жалғыз банкі Қазақстан аумағында орналасқан. Мемлекет басшысы еліміз ізгі ниет таныта отырып, Ирандағы ядролық проблематиканың шешілуіне септігін тигізуге дайын екенін мәлімдеді. Ол үшін тиісті халықаралық уағдаластыққа қол жеткізіліп, аталған мәселе нақты іске ұласуы қажет.

2026-2029 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАР ӘЗІРЛЕЙДІ

Президент орта білім беру жүйесіне ЖИ-ді енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл бастама мектептердегі білім сапасын арттырып, оқыту процесін заманауи технологиялармен жаңғыртуға бағытталған.

Құжатқа сәйкес, Үкімет 2026-2029 жылдарға арналған арнайы жоспар әзірлейді. Оның аясында мектептердің цифрлық инфрақұрылымы күшейтіліп, жоғары жылдамдықты интернет тартылады, ал мұғалімдер жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға оқытылады. Сонымен қатар қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту үшін пилоттық жобалар іске қосылады.

Ал жасанды интеллектіні қолданудың бірыңғай стандарттары 2026 жылдың қыркүйегіне дейін бекітілмек. Жаңа жүйе мұғалімді алмастыруды емес, олардың жұмысын жеңілдетіп, оқушыларға сапалы білім беруге қосымша мүмкіндік жасауды көздейді.

МҰҒАЛІМ ОҚУШЫҒА ҚАЙ КЕЗДЕ ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ?

Мәжіліс педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңды, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулерді екінші оқылымда қабылдады.

Құжаттар депутаттардың бастамасымен Мемлекет басшысының педагогтердің құқықтары мен мүдделерін заңнамалық деңгейде қорғауды күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әзірленді. Негізгі заңда педагогтердің білім алушылар үшін жауапты болуы тек оқу процесі кезіне ғана белгіленді. Балалардың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты ата-аналардың жауапкершілігі кеңейтілді. Сонымен қатар, педагогтердің есептілікті бір мезгілде қағаз және электрондық форматта жүргізуіне тыйым салынды. Орта білім беру ұйымдарында ұялы құрылғыларды пайдаланудың бірыңғай қағидалары енгізіліп, мектеп оқушыларын ғылыми қызметке тарту бойынша әкімдіктер деңгейінде қосымша шаралар қарастырылды.

Үкіметтің бастамасы бойынша заңға Қазақстан аумағында жетекші шетелдік университеттердің қызметіне қолайлы жағдай жасауға және олардың тиімді жұмыс істеуіне бағытталған құқықтық реттеу нормалары енгізіліп отыр. Филиалдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары сақталған жағдайда ғана ашылады. Түзетулердің жеке блогы жоғары медициналық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталды. Осыған байланысты интеграцияланған медициналық білім беру моделіне көшу ұсынылды. Ол жоғары оқу орнында 6 жыл оқу мен 1 жыл толыққанды интернатурадан өтуді көздейді. Оқу бітірген түлектер медициналық тәжірибемен айналысу құқығына ие болады, ал интернатура клиникалық тәжірибе кезеңіне айналады.

№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу жөніндегі орталықтың кезекті отырысын өткізді. Онда өңірлерде тиісті Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысы, волонтерлік қозғалысты қолдау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ экологиялық туризмді дамыту мәселелері қаралды.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

МОБИЛЬДІ ЭКОТРАК ДЕГЕН НЕ?

«Баршаңызға мәлім, «Таза Қазақстан» ұғымы жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарының біріне айналды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және табиғатқа деген қамқорлық құндылықтары басым міндеттер ретінде айқындалып отыр. Бұған дейін бекітілген «Таза Қазақстан» тұжырымдамасында экологиялық саясатты жүзеге асырудың негізгі буыны ретінде жергілікті атқарушы органдарға маңызды рөл жүктелген» деп атап өтті жиында Олжас Бектенов.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполисте экологиялық акцияларға 146 мың адам қатысқанын мысалға келтірді. Әкімнің айтуынша, 126 жерде 7 жалпықалалық сенбілік өткізіліп, 18 мың текше метр қалдық шығарылған. Биылғы сәуір айынан бастап қалада санитарлық күтімнің «Бір аудан – қасбеттен қасбетке дейін бір мердігер» атты жаңа моделі енгізілді. Бұл тәсіл аумақты жинау, қадағалау сапасын және тұрғындардың өтініштеріне жауап берудің жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді. «Көгалдандыру аясында 1,4 млн-нан астам жасыл желек отырғызылды. Қаланың сәндік-гүлді безендірілуі бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы жылдан бастап гүлмен көгалдандыру алаңы екі есеге, яғни 450 мың шаршы метрге ұлғайтылды. Сонымен қатар, биыл экологиялық тәжірибелер мен қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін насихаттайтын алғашқы мобильді экотрак іске қосылды. Экотрак спорттық және мәдени іс-шараларда белсенді қолданылып, қатысушылар мен қонақтарды экологиялық бастамаларға тартуға ықпал етеді» деді Д.Сатыбалды.

ӘКІМДЕРГЕ ҚАНДАЙ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ?

Алматы облысында экологиялық іс-шараларға 271 мыңнан астам адам қатысып, 98,1 мың ағаш отырғызылып, 6,4 мың тонна қалдық жиналған. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Барыс» және «Көшпенділер» экопарктерінің жобасын жүзеге асыру барысы туралы баяндады. «Қарасай ауданында қуаты 450 мың тонна болатын Kaz Waste Conversion қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауытының құрылысы жалғасуда. Freedom Holding компаниясымен бірлесіп туристік инфрақұрылымды абаттандыру жұмыстары жүргізілуде: Қонаев қаласында ұзындығы 1 шақырым жағажай жаңартылды, коммуналдық жағажайларда да жұмыстар жалғасуда, сондай-ақ Кеген ауданының «Көлсай көлдері» табиғи паркінің, Райымбек ауданының «Тас Төбе» жотасының, «Тұзкөл» көлінің және Қаскелең өзенінің бойындағы аумақтарды абаттандыру бойынша жобалар жүзеге асырылуда» деді өңір әкімі.

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың айтуынша, осы өңірде 200 мың ағаш отырғызылып, 395 бейнебақылау камерасы орнатылған. 1482 көппәтерлі тұрғын үйлерде суды есепке алу құрылғылары орнатылған. Сонымен қатар, 26 шақырым веложол салынған. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдайтын 300 фандомат және электромобильдерді зарядтауға арналған 8 станса орнатылыпты. Өңір басшысы 2025 жылы демеушілер есебінен 13 саябақ пен гүлзар салынғанын, биыл тағы 26 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отырғанын баяндады.

Бұдан бөлек, Үкімет отырысында қабылданып жатқан іс-шаралардың тиімділігін айқындау үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігі 5 негізгі көрсеткіш аясында «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру бойынша өңірлердің пилоттық рейтингін жасағаны мәлім болды. Онда халықты қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және таысмалдау қызметімен қамту деңгейі, қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының үлесі, халықты экологиялық акциялармен қамту үлесі және TazaQazBot жүйесі арқылы түскен өтінімдердің орындалу деңгейі ескерілген. Премьер-министр Олжас Бектенов барлық өңір әкімдіктеріне Президент бастамасын жүзеге асыру тиімділігін арттырып, әрбір бағыт бойынша көрсеткіштерді жақсарту үшін тиісті іс-шаралар қабылдауды тапсырды.

ЕРІКТІЛЕР 300 МЫҢҒА ЖЕТТІ

Жиында волонтерлер қозғалысын қолдау мәселелері қаралды. «Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2026 жыл Халықаралық волонтерлер жылы деп жарияланды. Жаңа Конституцияда волонтерлер қозғалысын азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі ретінде тани отырып, мемлекетке еріктілерді қолдау міндеті жүктелді. Бүгінде волонтерлік қозғалыс экологиялық мәселелерді шешу мен табиғи байлықты сақтауда мыңдаған нағыз жанашыр азаматтарды біріктіре отырып, «Таза Қазақстан» бастамасының басты күшіне айналды. Бұл жан-жақты мемлекеттік қолдауға мұқтаж волонтерлік қозғалыстың жоғары әлеуеті мен тиімділігін көрсетеді» деп мәлімдеді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Бүгінгі таңда елімізде 810 ұйым мен 3,5 мың бастамашыл топ жұмыс істейді, белсенді еріктілер саны 300 мың адамға жетті. Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева әрбір үшінші қазақстандық осындай бастамаларға қатысатынын тілге тиек етті. Экологиялық волонтерлік «Таза Қазақстан» шеңберінде жыл сайын шамамен 800 мың волонтердің басын қосады. Қозғалысты одан әрі дамыту үшін 56 жоба мен 60 шағын грант жүзеге асырылып жатқаны айтылды. Тиісті тұжырымдаманы қалыптастыру, волонтердің цифрлық төлқұжатын енгізу, волонтерлерді ынталандыру және әлеуметтік қорғау сияқты жаңа тәсілдер пысықталып жатқаны мәлім болды.

Тарихи-мәдени мұраны сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысының бастамасы аясында екінші жыл қатарынан тарихи-мәдени нысандарды абаттандыру бойынша «Мәдени мұраны бірге сақтайық» акциясы жүзеге асырылуда. Еліміздің барлық өңірлерінде әр аймақта 1 мыңнан астам адамның қатысуымен еріктілер клубтары құрылды. Еріктілер қоғамдық кеңістікті қалпына келтіруге қатысады, қоғамда қоршаған ортаға және қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастырады. Отырыста Мәдениет және ақпарат министрлігіне Ғылым және жоғары білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесе отырып, еріктілер қозғалысын кешенді мемлекеттік қолдау іс-шараларын, соның ішінде заңнамалық деңгейде, қалыптастыру тапсырылды.

ЭКОТУРИЗМ ҚАЙ БАҒЫТТА ДАМИДЫ?

Үкімет отырысында экологиялық туризмді дамыту бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылды. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 30,9 млн гектарды құрайды. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында 179 туристік бағдар және 42 соқпақ жол бар. Ұлттық табиғи саябақтарға баратын адамдардың саны 2023 жылғы 2,4 млн-нан 2025 жылы 3,7 млн-ға дейін өсті.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, бүгінгі таңда ұлттық парктерді дамытуға салынған жалпы инвестиция көлемі 16 млрд теңгеге дейін жеткен. Құзырлы министрлік басшысы еліміздегі экотуризмді дамыту жобаларына кеңінен тоқталды. Негізгі жұмыстар Іле-Алатауы паркінде, сондай-ақ «Алтын-Емел» мен «Шарын» парктерінің аумақтарында жүргізілуде. «Таза туризм» бағдарламасы аясында саябақтарда ақпараттық баннерлер, қоқыстарды бөлек жинауға арналған контейнерлер, қайта өңделген пластиктен жасалған эколавкалар қойылған, парк аумағына баратын адамдарға биологиялық ыдырайтын пакеттер беріледі.

Ұлттық саябақтарға бару процесін цифрландыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізілуде. Барлық ұлттық парктер банктік сервистер арқылы онлайн төлем жүйесіне қосылған, сондай-ақ парктердің сайттарында төлем жасауға арналған QR-кодтар бар. 5 ұлттық саябақта өз қаражаты есебінен 9 бақылау-өткізу пункті автоматтандырылған. Бұл туристер үшін саябаққа баруды анағұрлым ыңғайлы етеді, ал ұлттық парктерге келушілер мен түсімдерді есепке алудың ашықтығын арттырады.

ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ЕЛ

Премьер-министр Олжас Бектенов экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтитын экотуризмді жүйелі түрде дамыту қажеттігіне назар аударды. Қазіргі таңда экотуризм әлемдік туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып саналады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2034 жылға қарай әлемдік экологиялық туризм нарығы 660 млрд. АҚШ долларынан асуы мүмкін. Қазақстан экотуризмді дамыту бойынша жоғары әлеуетке ие, бірегей табиғи нысандар – Шарын шатқалы, Көлсай көлдері, Алтын-Емел, Іле-Алатауы ұлттық парктері және басқа да керемет көрікті жерлер бар.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне аумақтардың ластануына жол бермеу іс-шараларын күшейтіп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қалдықтарды тиімді басқаруды ұйымдастыру тапсырылды. Сондай-ақ қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтен түсетін кірістерді туристік инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде экологиялық соқпақ жолдарды, демалу орындарын және өзге де нысандарды абаттандыруға бағыттау міндеті қойылды.

Премьер-министр ұлттық табиғи парктер аумағында қажетті инфрақұрылымды дамыту жұмыстарының баяу қарқынын сынға алды. «Экология министрі Іле-Алатауы, Алтын-Емел және Шарын ұлттық парктерін абаттандыру бойынша есеп бергенімен, бұл жұмыстар бірнеше жыл бұрын жүргізілген. Содан бері айтарлықтай нәтижелер байқалмайды. Нұрлыбек Машбекұлына Министрлікпен және өңір әкімдерімен бірлесіп, табиғи парктерді абаттандыру ісіне ірі бизнесті тарту мәселесі бойынша келіссөздер өткізуді тапсырамын. Бірыңғай дизайн-кодты және тиісті жұмыс кестелерін бекіту қажет. Осы жылдың маусым айында өтетін Орталықтың келесі отырысында есеп беріңіздер» деп тапсырма берді Олжас Бектенов.





№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі

ЕЛОРДАНЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Бас қаланы басқарудың жаңа моделіне көшу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Астана қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандық айтты.



– Астана бүгінде жоғары қарқынмен дамып келеді. Қаланың өсуімен бірге жолдарға, коммуналдық және инженерлік инфрақұрылымға түсетін жүктеме артып, тұрғындардың қауіпсіздікке, қызметтердің жедел әрекет етуіне және қалалық ортаның сапасына қоятын талаптары да күшейіп отыр. Осыған байланысты біз елорданы басқарудың жаңа моделіне көшу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Бұл – деректерге, талдауға және жасанды интеллект технологияларына негізделген басқару моделі. Биыл сәуір айында Мемлекет басшысының қатысуымен «Astana Smart City» стратегиялық жобасы іске қосылды. Біз үшін бұл – елорданың цифрлық дамуы жолындағы маңызды кезең және қауіпсіз, технологиялық әрі тұрғындарға қолайлы қала қалыптастыруға бағытталған нақты қадам, – деді ол Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде.

Оның айтуынша, жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Астана қаласының әкімдігі, G42 халықаралық холдингінің құрамына кіретін Presight AI компаниясы және «Astana Innovations» АҚ-ның қатысуымен бірлесіп іске асырылып жатыр. Жобаның негізгі мақсаты – қаланың негізгі жүйелерін бірыңғай интеллектуалды платформаға біріктіру арқылы елордадағы қоғамдық және жол қауіпсіздігін арттыру. Мұндай экожүйе қаладағы жағдайды нақты уақыт режимінде бақылауға, деректерді талдауға, оқиғаларға жедел ден қоюға және анағұрлым нақты басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Жоба аясында бірнеше негізгі бағыт бойынша цифрлық архитектура қалыптастырылды.

– Бірінші бағыт – заманауи деректер инфрақұрылымы. Қала қажеттілігі үшін 100 серверлік тірекке есептелген егеменді Деректерді өңдеу орталығы құрылды. Ол цифрлық жүйелердің тұрақты жұмысын, үлкен көлемдегі ақпаратты сенімді сақтау мен өңдеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді енгізу үшін технологиялық негіз қалыптастырады. Екінші бағыт – бейнебақылау және аналитика жүйесін интеграциялау. Бүгінде жасанды интеллект элементтері бар 60 мыңнан астам қалалық камера бірыңғай цифрлық контурға біріктірілді. Жүйе өрт пен түтінді, қалдырылған заттарды, төбелесті, агрессивті мінез-құлықты, қоғамдық тәртіпті бұзу фактілерін және басқа да оқиғаларды анықтауды қоса алғанда, 35-тен астам жағдайлық аналитика түрін қолдайды, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Бексұлтан Қуандықтың атап өтуінше, жол қауіпсіздігі – жобаның жеке маңызды бағыты. Елорда жолдарында 1 200-ден астам аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған. Олар қауіпсіздік белдігін тақпау, көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану, жаяу жүргіншіге жол бермеу және басқа да құқық бұзушылықтарды қоса алғанда, 15-тен астам жол қозғалысы ережесін бұзу түрін тіркейді.

– Біздің ұстанымымыз бойынша, мұндай технологиялар ең алдымен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолдағы тәртіпті күшейтуге және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет етуі тиіс. Жобаның негізгі элементі – Ахуалдық орталық. Ол қалалық жүйелердің деректерін нақты уақыт режимінде біріктіріп, коммуналдық, шұғыл және басқа да қызметтерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді, – деді ол.

Басқарма басшысы орынбасарының мәліметінше, платформа ағымдағы жағдайды тіркеуге, оның даму барысын болжауға және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жол-көлік оқиғасы, өрт, қоғамдық тәртіпті бұзу немесе басқа да оқиға анықталған жағдайда, ақпарат тиісті қызметтерге жедел жолданады. Бұл ден қою уақытын қысқартып, адами фактордың әсерін азайтады.

– Осылайша, біз реактивті басқарудан проактивті басқаруға кезең-кезеңімен көшіп келеміз. Қалалық қызметтер енді болған оқиғаларға ғана әрекет етіп қоймай, тәуекелдерді алдын ала анықтауға, оқиғалардың алдын алуға және объективті деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік алады. Тұрғындар үшін бұл – қауіпсіз қалалық орта, қызметтердің жедел жұмысы, көлік және коммуналдық процестер сапасының артуы, сондай-ақ қалалық инфрақұрылымды тиімді басқару деген сөз. Алдағы уақытта платформаның функционалын кеңейту, қалалық жүйелерді интеграциялау, бейнеаналитиканы дамыту және қызметтер арасындағы өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру жұмыстары жалғасатын болады, – деді Бексұлтан Қуандық.

ЖАС ИНЖЕНЕРЛЕР ТУРНИРІ

Астанадағы Назарбаев Университетінде 12-13 мамырда робототехникадан бесінші халықаралық «Robotek Grand Tournament Astana 2026» чемпионаты өтуде. Биылғы жылы турнир президенттік «TurkTime!» бастамасы аясында алғаш рет түркітілдес елдердің ең үздік жас инженерлері мен әзірлеушілерін жинады.

Қазақстан астанасына Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан елдерінің командалары келді. Ұйымдастырушылар биылғы чемпионат өз тарихындағы ең ірі чемпионатқа айналғанын, оған 45-тен астам шетелдік команда қатысқанын атап өтті.

Бес жыл ішінде Robotek Grand Tournament елдегі танымал IT брендтерінің біріне айналды. Чемпионат – Цифрландыру және жасанды интеллект жылының маңызды оқиғаларының бірі. Жарыстың барлық ережелерін қазақстандық мамандар әзірлеген және ол жеке меншік болып табылады.

Турнир Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтуде. Бірлескен ұйымдастырушылар: «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы, «Астана Дарын» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы, Назарбаев Университеті, NU Impact Foundation және Robotek робототехника мектебі.



Байқауда Қазақстанның 20 облысынан облыстық кезеңдердің жеңімпаздары өнер көрсетті. 9-17 жас аралығындағы 220-ға жуық команда тоғыз пән бойынша бақ сынады. Ұйымдастырушылар барлық пәндер Қазақстанда әзірленген жеке инженерлік шешімдер мен білім беру тәсілдеріне негізделгенін атап өтті.

Басты марапаттардан бөлек, қатысушылар «Үздік ауыл командасы», «Үздік шетелдік команда», «Үздік инженерлік шешім» және «Үздік қыздар командасы» арнайы номинациялар бойынша бақ сынасады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер серіктес университеттердің – Қазақстан-Британ техникалық университетінің, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің және Торайғыров университетінің дипломдарын, бағалы сыйлықтарын және білім гранттарын алады.

Халықаралық мейірбикелер күніне орай Amanat партиясы Астана қалалық филиалы Әйелдер қанатының төрайымы, Астана қаласы мәслихатының депутаты Салтанат Дженалаева №8 қалалық емхананың мейірбикелерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

МЕЙІРБИКЕЛЕР ПАРТИЯҒА ҚОСЫЛДЫ

Кездесу барысында денсаулық сақтау жүйесіндегі орта буын медицина қызметкерлерінің маңызы мен ерекше рөлі атап өтілді. Салтанат Дженалаева мейірбикелерге күнделікті адал еңбегі, науқастарға деген қамқорлығы мен мамандыққа деген жауапкершілігі үшін алғысын білдірді.

«Мейірбике – төзімділік пен мейірімділікті, жан жылуы мен үлкен жауапкершілікті талап ететін қадірлі мамандық иесі. Сіздердің жанашырлыққа толы еңбектеріңіз, адамдарға деген қамқорлықтарыңыз бен кәсіби біліктіліктеріңіз қоғам үшін аса маңызды» деді ол.

Іс-шара барысында №8 қалалық емхананың бірқатар мейірбикесіне Amanat партиясы Әйелдер қанатының төрайымы Шолпан Каринова атынан Алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар, Астана қаласында 100 мейірбикесі Amanat партиясының қатарына қабылданып, азаматтарға салтанатты түрде партиялық билет берілді.



АСТАНА ГАСТРОКАРТАҒА ЕНЕДІ

«Astana Tourism» туризмді дамыту орталығының басқарма төрағасы Артём Квашук халықаралық Gault&Millau гастрономиялық гидінің бас директоры Патрик Хаюнмен стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Бұл келісім елордадағы гастрономиялық туризмді дамытуға және Астананы заманауи халықаралық туристік дестинация ретінде ілгерілетуге бағытталған маңызды қадам болмақ.

Gault&Millau («Сары гид») – Michelin гидімен қатар әлемдегі ең беделді мейрамхана рейтингтерінің бірі. 50 жылдан астам уақыт бойы гид үздік мейрамханаларды, қонақүйлерді және гастрономиялық жобаларды бағалап, HoReCa саласындағы халықаралық сапа стандарттарын қалыптастырып келеді.

Халықаралық тәжірибеде Gault&Millau нақты нәтижелер көрсетуде: Польшада жоғары деңгейлі мейрамханалар саны 3 жыл ішінде 25%-ға артқан, Грузияда орташа чек көлемі өсіп, Еуропа, АҚШ және Таяу Шығыстан премиум туристер ағыны көбейген. Ал БАӘ-де (Дубай қ-сы) мейрамхана индустриясының кеңеюі және халықаралық шеф-аспаздар мен инвесторлардың қызығушылығының артқан. Бұл гидтің гастротуризм мен HoReCa секторының дамуына ықпалын дәлелдейді.

Жоба аясында Gault&Millau халықаралық инспекторлары Астанадағы 150-ден астам мейрамхана мен 25-тен астам қонақүйге тәуелсіз бағалау жүргізеді. Оның қорытындысы бойынша үздік мекемелер кәсіби бағалауға ие болып, гастрономиялық гидке ену мүмкіндігіне ие болады.

ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Астана қаласындағы Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы, «Алтын белгі» үміткері Алуа Зұлқарнай республикалық OiQ интеллектуалдық турнирінің жеңімпазы атанды.

Алматы қаласында қазақстандық EdTech-компаниясы JUZ40 ұйымдастырған оқушыларға арналған OiQ интеллектуалдық турнирінің финалы өтті. OiQ атауы «Ақылмен шынды бағындыр» деген мағынаны білдіреді. Жоба 2025-2026 оқу жылы бойы жүзеге асырылып, оған қатысушылар пәндік біліммен қатар логикалық ойлау, аналитикалық қабілет, жалпы эрудиция және шешім қабылдау жылдамдығы бойынша сынға түсті.

Жеті айға созылған іріктеу кезеңінің нәтижесінде еліміздің әр өңірінен қатысқан 50 мыңнан астам оқушының арасынан 12 үздік қатысушы финалға жолдама алды. Финал Алматы қаласында «XXI ғасыр көшбасшысы» форматында өтіп, үш кезеңнен тұрды. Әр сұраққа жауап беру үшін қатысушыларға небәрі 40 секунд уақыт берілді, бұл жарыстың жоғары қарқындылығын айқындай түсті.



Интеллектуалдық сайыспен қатар финалистер үшін танымдық бағдарлама ұйымдастырылды. Қатысушылар Көлсай көлі мен Шарын шатқалына саяхат жасап, бірнеше ай бойы олармен жұмыс істеген менторлармен кездесу мүмкіндігіне ие болды. Турнир қорытындысы бойынша Алуа Зұлқарнай I орынды жеңіп алып, 1 миллион теңге көлеміндегі бас жүлдені иеленді.







АСТАНА АЖАРЫН АЙШЫҚТАҒАН

Бұл апта елорда өмірінде, жалпы ел тарихында бұрын-соңды болмаған елеулі оқиғамен айшықталмақ. Көптен асыға күткен алып құрылыс LRT желісі осы сенбі толық пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Осыған орай сәрсенбінің сәтінде аталған нысанға жауапты «City Transportation Systems» ЖШС қала әкімдігінің қолдауымен Астана мен еліміздің, тіпті шетелдік БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз турын өткізді. Қала келбетін көркейтіп, туристер үшін тартымды ете түсетін жеңіл рельстегі көлік желісінің қозғалысын, ішкі көрінісін тамашалаған журналистер жаңа нысанның жағдайы, көрсетілетін қызметтер туралы жер-жаһанға жаппай хабар таратты.

Райхан РАХМЕТОВА

Журналистер LRT желісінің негізгі стансаларында болып, Бірыңғай диспетчерлік орталықтың жұмысымен, сондай-ақ жолаушылардың турникеттен өтіп, билетті қалай алатынынан бастап, вагондарға отырғанға дейінгі барлық процестерімен жеке-жеке танысты. Олар жол жүру барысында автоматтандырылған жүйелердің жұмысы мен тосын жағдайда операторлардың қалай әрекет ететіні жайлы мәлімет алды. Баспасөз турында «City Transportation Systems» ЖШС басқарма төрағасы Асылбек Дүйсебаев LRT жүйесінің барлық кезеңі сынақтан сәтті өткенін мәлімдеді.

ЗАМАНАУИ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

LRT – қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту және жолаушылар тасымалының сапасын арттыру мақсатында Астанада іске асырылған жеңіл рельсті көліктің заманауи жүйесі. Жаңа қоғамдық көлік елордадағы жол қозғалысы жүктемесін азайтып, қатынасты жеделдетпек. Жүйе халықаралық қауіпсіздіктің, тұрақтылық және жайлылықтың заманауи стандарттарына сәйкес келеді. Желі құрылысы жолдармен және жаяу жүргіншілер ағынымен қиылыспай, пойыздардың оқшауланған қозғалысын қамтамасыз ететін эстакадалық, яғни жер үсті құрылым ретінде жүзеге асырылды.

Ұзындығы 22,4 км-ді құрайтын LRT желісінде 15 пойыз құрамы қатынайды, қалған 4 құрам резервте. Жоба аясында 18 станса мен заманауи депо салынған. Маршруттың бір шетінен екінші шетіне дейінгі жол шамамен 40 минутты алады. Пойыздардың орташа қозғалыс жылдамдығы сағатына 50-60 км-ді, ал ең жоғары жылдамдығы 80 км-ді құрайды. Қозғалыс интервалы – 5-6 минут. LRT пойыздары барынша тыныш әрі дірілсіз қозғалады. Мұны біртұтас рельстер, жоғары деңгейде оқшауланған вагондар мен арнайы резеңкелі доңғалақтар қамтамасыз етеді.

LRT құрамының әрқайсысы 600-ден астам жолаушыны тасымалдауға арналған. Пойыздар жүргізушісіз режимде қатынайды, басқару, жылдамдықты арттыру, тежеу және есіктерді ашу процестері, сондай-ақ төтенше жағдайдағы іс-әрекеттер толықтай автоматтандырылған. Жүйені қосымша бақылау үшін қолмен басқару әрі диспетчермен байланыс жасау мүмкіндігі қарастырылған. LRT бағыты Н.Назарбаев халықаралық әуежайы, Қабанбай батыр даңғылы, «Астана жұлдызы» стелласы, «Mega Silk Way» СОО, Ботаникалық бақ, «Абу Даби Плаза» КФК, Министрліктер үйі, Арыс көпірі, Қалдаяқов көшесі, Ұлттық музей, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы сияқты Астана қаласының негізгі көшелері мен аудандары бойынша өтеді.

Елордалықтар LRT арқылы таңғы 06:00-ден кешкі 23:00-ге дейін қатынай алады. Жолақысы – 200 теңге, 7-18 жас аралығындағы оқушылардың, сондай-ақ жеңілдікті санаттарға жататын, Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтардың тегін жүруге құқығы бар. Атаулы LRT көлік картасын ресімдеу бағасы – 1200 теңге. Жол ақысын банк және көлік картасы, QR, Apple Pay, Samsung Pay немесе Face Pay жүйесі арқылы кез келген ыңғайлы тәсілмен төлеуге болады. Сонымен қатар билеттер кассалар мен автоматтарда қолма-қол ақшаға да сатылады. Алғашқы кезеңде LRT төлем жүйесі автономды түрде жұмыс істейді, кейін ол қалалық автобустардың бірыңғай төлем жүйесімен біріктіріледі.

ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Желі бойындағы стансалардың екі түрі бар. Бірінші, жердегі стансалар, олардың саны – 11, бұған Әуежай, Атамекен, Есіл, Мәңгілік ел, Астана Жұлдыз, Нұра, Университет, Ұлы дала, Астана-Арена, Жекпе-жек сарайы, Сығанақ стансалары жатады. Екіншісі, жер үсті стансалары, саны – 7, оған Бәйтерек, Министрліктер үйі, Ұлттық мұражай, Театр, Мыңжылдық аллеясы, Жібек жолы, Нұрлы жол стансалары жатады. Барлық стансалар қауіпсіздік пен қолжетімділік талаптарын ескере отырып салынған. Стансаларда автоматтандырылған жүйелерді, күту залдарын, санитариялық-гигиеналық тораптарды, сондай-ақ адамдардың қауіпті учаскелерге шығуына жол бермейтін жүйелерді қоса алғанда, билеттерді сатып алуға арналған аймақтар бар. Екінші қабатқа көтерілу үшін эскалаторлар, сондай-ақ мобильділігі төмен азаматтар үшін лифттер де жұмыс істейді. Мамандардың айтуынша, LRT жүйесі – Астана климатына, әсіресе, өте төмен температураларға бейімделген заманауи әрі қауіпсіз көлік. Жоба GoA4 (Grade of Automation 4) технологиясына негізделген. Бұл – халықаралық жіктеу бойынша автоматтандырудың ең жоғары, төртінші деңгейі, ол жүйенің сенімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

ВАГОНДАР ТОЛЫҚ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

Жылжымалы құрамдар ұзындығы – 60 м, биіктігі – 3,8 м, ені – 2,8 м. Олар толығымен автоматты режимде, пилотсыз жұмыс істейді. Өндіріс процесінде алюминий қорытпасы, серпімді доңғалақтар, көп қабатты терезелер, жоғары беріктігі бар органосиликатты былғары орындықтар сияқты заманауи материалдар және басқа да интерьер материалдары қолданылған. Құрамдар заманауи ақпараттандыру жүйелерімен жабдықталған.

– Жоба құны 2016 жылы бекітілді. 1,8 миллиард АҚШ долларын құрайды. Осы уақытқа дейін бұл сома өзгерген жоқ. Сонымен қатар техникалық сипаттамасы жасақталып, пойыздардың моделі мен дизайны өзгертілді. LRT жүйесі бойынша абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Шу деңгейін төмендету үшін вагондардың қабырғаларын қалыңдаттық. Сонымен қатар жеңіл рельсті құрылым пайдаланылды. Жақын орналасқан тұрғын үйлерге вибрациялық әсері болмайды, – дейді Асылбек Дүйсебаев.

Вагондардағы орындықтар ұлттық бірегейлік пен елордаға заманауи келбетімен астасып, көк және қызғылт сары түске боялған. Қаптау үшін жоғары беріктігі бар органосиликатты былғары материалдар қолданылады. Отыратын орындар саны – 148. Салонда құлақтандыру жүйесінің дауыс зорайтқыштары, авариялық дабыл қосқышы және өрт сөндіргіштер қажетті көлемде қойылған. Әрбір пойызда мүгедектер арбасын орналастыруға арналған орындар, сондай-ақ мүгедектер арбасындағы жолаушыны ұстап алуға арналған құрылғылар орнатылған.

LRT депосы Халықаралық әуежай ауданында 16,84 га аумақта орналасқан. Депо ғимараттарының жалпы ауданы шамамен 80 мың м² құрайды, онда жылжымалы құрамға толыққанды техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін барлық қажетті объектілер бар. Сондай-ақ депо аумағында пилотсыз пойыздарды басқару орталығы – Бірыңғай диспетчерлік орталық құрылды.

КАДР ҚАЛАЙ ТАҢДАЛДЫ?

LRT жүйесінде 1000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 300-ге жуығы – шетелдік маман. Бүгінгі таңда 500-дей қызметкер оқудан өтті. Олардың







қатарында пойыз операторлары, диспетчерлер, техникалық қызметкерлер бар. Биылдан бастап Астанада болашақ мамандар дайындалады. Нәтижесінде шетелдік қызметкерлер саны жыл сайын азая береді. Әр вагонда 2 оператор, стансаларда кезекшілер мен кассирлер жұмыс істейді.

– Басты міндетіміз – жол ережелерін сақтап, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл да метроның ережелерімен бірдей. Есіктер жабылатын кезде ескерту дабылы қағылады. Сол уақытқа дейін ішке кіріп үлгеруі керек және тоқтаған кезде де дыбыс берілгенде шығып үлгеруі тиіс, – дейді LRT жеңіл көлік рельсінің операторы Айдар Надырбеков,

Қызметкерлер формасының дизайнын әзірлеу кезінде жобаның дизайн-коды, стансалардың архитектурасы, ішкі және сыртқы әрлеу элементтері, пойыздар мен автобустарды безендіруде қолданылатын қолтаңба үлгілері мен әшекейлері ескерілді. Бұл жүйенің біртұтас визуалды стилін сақтауға және форманың көлік саласына жататындығын баса көрсетуге мүмкіндік берді.

– Мамандар рельстер, стансалар, жылжымалы құрам, байланыс желілері, басқару және қауіпсіздік жүйелерінің жұмысын тексерді. Сондай-ақ қалыптан тыс жағдайда көрсетілетін іс-әрекеттер де толықтай пысықталып, жолаушылар қауіпсіздігін барынша қамтамасыз етеді. Қазір эстакада бойында абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр, депода техникалық жұмыстар аяқталуға жақын, ал стансалардың іші жаппай тазалауда. Бұл шаралар жүйені іске қосу мерзіміне әсер етпейді. Жақын арада желіде сырлау жұмыстары аяқталады. Инфрақұрылым толықтай дайын. Эстакаданың дренаж жүйесі іске қосылған, ал қыс мезгілінде жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін арнайы қар тазалау техникасы пайдаланылады, – деп атап өтті А.Дүйсебаев.

Жоба аясында Есіл өзені арқылы аспалы көпір салынды. Болашақта желіні қала маңындағы Қосшыға дейін, сонымен қатар Астана-1 вокзалына дейін және бір тарабын Жағалау тұрғын үй кешендеріне дейін ұзарту жоспарлануда. Жобаның екінші кезеңіне дайындық басталып та кетті, жақында эстакаданың жаңа учаскесі үшін алғашқы темірбетон арқалығы құйылды. Әзірге дайын болған негізгі LRT осы апта 16-17 мамырда іске қосылып, елордалықтардың көзайымына айналмақ.





№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі

АРДАГЕРЛЕРДІ АЛДАНБАУҒА ШАҚЫРДЫ

Астана қаласы Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлері «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Сарыарқа ауданы әкімдігімен бірлесіп, ардагерлерге ауқымды ақпараттық-түсіндіру кездесуін өткізді.



Негізгі мақсат – зейнеткерлерді қаржы пирамидаларын тану тәсілдеріне үйрету және интернет-алаяқтардан қорғану жолдарын түсіндіру. Егде жастағы азаматтар экономикалық қылмыстарға жиі алданатын осал топтардың бірі болғандықтан, алдын алу жұмысы – құқық қорғау органдары қызметінің басты бағытының бірі.

Ведомство өкілдері жоғары табыс уәде ететін күмәнді инвестиция жобаларына алданбау үшін қаржы пирамидаларының белгілерін; банк есепшоттарын телефон және интернет-алаяқтардан қорғауға арналған «цифрлық гигиена» негіздерін; күмәнді қаржы ұсыныстарына тап болған жағдайда қайда жүгіну керектігін жан-жақты түсіндірді.



Мұндай формат ардагерлерге Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлері мен аудан әкімдігі өкілдеріне өздерін толғандырған сұрақтарды тікелей қоюға мүмкіндік берді. Сондай-ақ қатысушыларға жинақты қауіпсіз сақтау тәсілдері мен төлем карталарын пайдалану ережелері бойынша нақты кеңестер айтылды.

«Заңдылық пен құқықтық тәртіп әр азаматтың хабардар болуынан басталады. Біздің міндетіміз – ардагерлерге қаражатын және тыныштығын сақтауға көмектесетін білім беру» деп атап өтті Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілдері.

Осындай түсіндіру іс-шаралары елорданың барлық ауданында жүйелі түрде өтіп келеді.

ТӘУЛІК ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН

Елордалық полицейлер қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін күн сайын қамтамасыз етеді. Сондай жанның бірі – Жедел басқару орталығының аға инспекторы Бекзат Бексаринов.



Бекзаттың ішкі істер органдарындағы қызметі патрульдік полиция полкінде басталған. Нақты жедел жағдайларда жұмыс істеудің маңызды тәжірибесін жинақтаған ол 2022 жылдан бастап Жедел басқару орталығында қызмет атқарады. Аталған орталық – полиция күштері мен құралдарын үйлестіруді қамтамасыз ететін маңызды бөлімшелердің бірі. Мұнда тәулік бойы оқиғалар туралы хабарламалар қабылданып, өңделеді, бейнебақылау жүйелері арқылы жағдайға мониторинг жүргізіледі, сондай-ақ полиция жасақтарын жедел басқару және төтенше қызметтермен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Аға инспектордың қызметі ауысым кестесі бойынша ұйымдастырылған. Күндізгі ауысым сағат 09:00-де басталып, 20:00-ге дейін жалғасады. Осы уақыт ішінде хабарламалар қабылданып, келіп түскен ақпараттар талданады, полиция жасақтарының әрекеті үйлестіріліп, тапсырмалар бөлінеді және олардың орындалуы бақыланады. Ал түнгі ауысым 20:00-ден 09:00-ге дейін өтеді.

Жедел басқару орталығындағы қызмет жоғары жеке және кәсіби қасиеттерді талап етеді. Яғни зейінді, сабырлы, жедел шешім қабылдай білетін әрі міндетті жағдайда тиімді әрекет ете алу қажет. Орталық қызметкерлерінің үйлесімді жұмысының арқасында оқиғаларға дер кезінде әрекет жасалып, құқық бұзушылықтар «ізін суытпай» ашылады.

Қызметтен тыс уақытта Бекзат Бексаринов белсенді өмір салтын ұстанады екен. Ол автомобиль тақырыбына қызығып, олардың техникалық қырын зерттейді және экстремалды автожарыстарға әуес. Сонымен қатар футболмен айналысып, жақсы дене дайындығын сақтайды.

– Кәсіби дамуымды жалғастырып, білігімді арттырып, заманауи технологияларды меңгергім келеді. Қызметіме қатысты дағдыларды одан әрі жетілдіруді көздеймін, – дейді аға инспектор.


Дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚ КӨБЕЙІП ТҰР

Бас қалада интернет-алаяқтықты қоса алғанда, ақпарат технологиялары саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Anti-fraud» республикалық жедел-профилактика іс-шарасы өтті.

Оның нәтижесінде полиция қызметкерлері кибералаяқтыққа қатысы бар 48 адамды анықтап, жауапқа тартты. Олардың ішінде 4 шетел азаматы да бар. Жалпы алғанда, 200-ге жуық қылмыстық іс тіркелді. Жәбірленушілерге 26 млн теңгеден астам қаражат қайтарылды. Сонымен қатар SIM-карталарды заңсыз тіркеумен айналысқан 4 тұлға ұсталды. Олардан қылмыстық схемаларда пайдаланылуы мүмкін 400-ден астам SIM-карта тәркіленді. Бұдан бөлек, 4 мыңнан астам алаяқтық сипаттағы интернет-ресурс бұғатталды. Дропперлерге қатысты 15 қылмыстық іс қозғалды. Антифрод-орталықпен бірлескен жұмыс нәтижесінде заңсыз әрекеттерге пайдаланылған 3 мыңнан астам банк шоты бұғатталды.

Профилактика жұмыстары аясында халықтың цифрлық сауатын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы шеңберінде полиция қызметкерлері оқу орындарында түсіндіру дәрісін оқып, азаматтарға алаяқтықтың алдын алу жолдарын түсіндіруде.



Іс-шара барысында алаяқтардың азаматтардың атына 12 млн теңге көлемінде несие рәсімдеу әрекетінің жолы кесілді.

Полиция растау кодын айту, ақша аудару, несие рәсімдеу немесе өзге де қаржы операцияларын орындау туралы кез келген қоңыраулар мен хабарламалар алаяқтықтың негізгі белгілері екенін еске салады. Азаматтарды қырағылық танытуға және қаржыға қатысты қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Сәулет және қала құрылысы қызметі – бұл әкімшілік органның кез келген шешімі құрылыс салушылардың, инвесторлардың, жер учаскелері меншік иелерінің құқығына және түптеп келгенде қалалық ортаның дамуына тікелей әсер ететін сала.

СӘУЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ СОТ ІСІ

Осы санаттағы істер бойынша даудың нысанасы ретінде эскиз жобасын келісуден бас тарту немесе келісу туралы бұйрықтарды даулау, құрылыс жүргізуге арналған мақсаты бар жер учаскелеріне егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу мен бекіту шараларын қабылдауға міндеттеу, құрылысқа арналған сәулет-жоспарлау тапсырмасын беруге міндеттеу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өзге де әрекеттеріне дау айту мәселелері жатады. Мұндай даулардың құқықтық негіздері «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңда бекітілген, ал оларды сотта қарау тәртібі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен реттеледі. Оның шеңберінде сот әкімшілік актінің заңдылығын негізгі критерийлер бойынша тексереді. Мәселен, орган мен лауазымды тұлғаның құзыреті, актіні шығару рәсімінің сақталуы, қорытындылардың нақтылығы зерделенеді. Бұл ретте сәулет және қала құрылысы саласында әкімшілік актілерді қабылдау кезінде тыңдалу рәсімінің сақталмауы мәселесіне ерекше назар аударғым келеді. Сот тәжірибесінде талдау көрсеткендей, дәл осы әкімшілік рәсім кезеңі әкімшілік органдар тарапынан, соның ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдары тарапынан жиі ескерілмей жатады. Ал қолайсыз әкімшілік акт қабылданған кезде тыңдалу рәсімін өткізу – міндетті.



Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте тұлғаның әкімшілік рәсімге қатысу қағидаты және оның құқығы мен заңды мүддесіне әсер ететін шешім қабылданғанға дейін тыңдалу құқығы бекітілген. Яғни 73-баптың талаптарына сәйкес, әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала қабылданатын шешімге қатысты өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті. Бұл туралы қатысушыға алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын хабарлануы тиіс.

Тыңдалым әкімшілік рәсімге қатысушыны әкімшілік іс бойынша шақыру, соның ішінде бейнеконференцбайланыс немесе өзге де байланыс құралдары арқылы, ақпарат жүйелерін пайдалану және қатысушыға өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүргізіледі. Ал 73-баптың екінші бөлігінде тыңдалым өткізілмеуі мүмкін жағдайлар көзделген. Мысалы, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын, бостандығын, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында әкімшілік актіні шұғыл қабылдау қажет болған кезде әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға не себепті өткізілмегенін көрсетуге міндетті.

Әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала шешімге қатысты қарсылығын оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға немесе ауызша білдіруге құқылы. Егер қарсылық ауызша айтылса, әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға тыңдалу хаттамасын жүргізеді. Сондықтан тыңдалым жай ғана хабарлама емес. Бұл – тұлғаға қатысты әкімшілік актінің мазмұнына әсер етуі мүмкін түсініктемелер, құжаттар мен қарсылықтарды ұсынуға нақты мүмкіндік беру. Бұл ретте жай ғана хабарлау жеткіліксіз. Әкімшілік орган тұлғаның тиісті түрде хабардар етілгенін, оған қарсылық білдіруге уақыт берілгенін және оның уәждерінің қаралып, актіде көрсетілгенін дәлелдеуге міндетті.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы әкімшілік істер бойынша дәл тыңдалым рәсімінің болмауы – көбіне талап қоюшының негізгі уәжі әрі әкімшілік актіні заңсыз деп танудың дербес негізі. Бұл рәсімнің сақталмауы соттар тарапынан әкімшілік әділеттің негізгі қағидаттарына нұқсан келтіретін елеулі процессуалдық бұзушылық ретінде бағаланады.

Әлия НАЗАРОВА,
Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы

Шапағат ӘБДІР

СУ ЕНДІ СУ ТЕГІН ЕМЕС...

Қазақстанда су ресурстары тапшылығы алдағы жылдары елдің тұрақты дамуына елеулі сын-қатер төндіруі мүмкін. Үкімет бекіткен 2024-2030 жылдарға арналған Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, климаттың өзгеруі, трансшекаралық су көздеріне тәуелділік және су тұтынудың артуы жағдайында су тапшылығы тәуекелі күшейе түспек.









Мамандардың болжауынша, көршілес елдерден келетін су көлемі азайып, бұл жалпы су ресурстарының төмендеуіне әкелмек. Осыған байланысты елімізде су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тапшылықтың алдын алу мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

БІР ЛИТР БЕНЗИННЕН БІР ЛИТР СУ ҚЫМБАТ

Біз көбіне мұнайды ең бағалы ресурс ретінде қабылдаймыз, алайда тіршілік үшін ең қажетті байлық – су ғой. Қазір қарап отырсаңыз, су тапшылығы соншалықты қатты сезіліп жатпағанымен бәрібір су қымбаттап жатқан сияқты. Өйткені дүкен сөрелеріндегі бір литр ауыз судың бағасы бір литр бензиннен қымбат. Мәселен, бір литр бензин шамамен 230 теңге тұрса, бір литр бөтелкедегі ауыз су 250-400 теңге аралығында сатылады. Газдалса, тіпті қымбат. Бұл – су ресурсының өмірлік маңызын көрсететін нақты мысал.

ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Сондықтан суды үнемді пайдалану мен оны қорғаудың тиімді жолдарын кешенді түрде қарастыру керек. Әрине, мемлекет бұл бағытта нақты әрі жүйелі қадамдарға көшуде. Елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын кешенді жоспарлар қабылданып, су саласын дамытуға арналған стратегиялық құжаттар бекітілген. Атап айтқанда, су ресурстарын тиімді басқарудың негізгі бағыттарын айқындайтын екі маңызды құжат қабылданған. Оның бірі – 2024-2030 жылдарға арналған Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы, екіншісі – 2024-2028 жылдарға арналған Су саласын дамытудың кешенді жоспары. Бұл құжаттар су тапшылығы қаупін азайту, су инфрақұрылымын жаңғырту және ресурстарды тиімді пайдалану міндеттерін қамтиды. Міне, осы жоспарлар аясында еліміздің су шаруашылығы жүйесін түбегейлі жаңғырту көзделіп отыр.

«Республика бойынша 42 жаңа су қоймасы салынады. Бұл нысандар еріген және тасқын суларын жинауға мүмкіндік беріп, су тапшылығы тәуекелін азайтады. Сонымен қатар 37 гидротехникалық құрылыс қайта жаңғыртылады. Бұл қолданыстағы су нысандарының қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, олардың жұмыс тиімділігін де едәуір жақсартады» дейді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Министрдің айтуынша, бұдан бөлек, суармалы жерлерді сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін ирригациялық жүйелерді дамытуға ерекше мән беріліп отыр.

«Жалпы ұзындығы шамамен 14 мың шақырым ирригациялық канал салынып, қайта жаңғыртылады. Мұның нәтижесінде ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамту жақсарып, су ысырабы азаяды. Сонымен қатар су үнемдеу технологияларын енгізу ауқымы кеңейтіледі. Жыл сайын кемінде 150 мың гектар суармалы жерге заманауи су үнемдеу әдістері енгізіліп отырады. Міне, осылайша жоспарланған жобаларды іске асыру арқылы 2,6 миллиард текше метр еріген және тасқын суды қосымша жинақтауға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, 2,2 миллиард текше метрге дейін су үнемделеді. Сондай-ақ еліміздің көршілес мемлекеттердің су ресурстарына тәуелділігі 15 пайызға төмендейді. Ал ирригациялық каналдардағы су шығыны қазіргі 50 пайыздан 25 пайызға дейін азаяды» дейді министр.

Демек, су тапшылығы мәселесін шешу жолында нақты жоспар мен жүйелі жұмыс бар деген сөз.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АУЫЗ СУҒА ОРТАҚ ЕМЕС ПЕ?

Бүгінде ауыл шаруашылығы – су ресурстарын ең көп тұтынатын салалардың бірі. Сондықтан бұл бағытта суды тиімді пайдалану мен су үнемдеу технологияларын енгізу мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі болуы тиіс. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елімізде су ресурстарын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы негізгі басымдықтар Президенттің 2023 жылғы Жолдауында айқындалып, су саласын дамытудың ұзақмерзімді тұжырымдамасы мен кешенді жоспарлар арқылы бекітілді. Сондықтан да қазіргі таңда суармалы егіншілікте заманауи су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуге ерекше назар аударылуда. Бұл тек су тапшылығын азайту үшін ғана емес, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттырып, саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін де маңызды.

«Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы елдегі жалпы су тұтынудың шамамен 65 пайызын пайдаланып отыр. Сондықтан бұл салада су үнемдеу технологияларын енгізу – аса маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта фермерлерге көрсетілетін мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайтылды. Атап айтқанда, су үнемдеу технологияларын сатып алу мен орнатуға, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым тартуға кеткен шығындарды өтеу үлесі 50 пайыздан 80 пайызға дейін арттырылды. Сонымен қатар суармалы су қызметтеріне берілетін субсидия көлемі де сараланды: су үнемдеу технологияларын қолданатын шаруалар үшін бұл көрсеткіш 60 пайыздан 85 пайызға дейін көбейтілді. Ал мұндай технологияларды пайдаланбайтындар үшін субсидия көлемі кезең-кезеңімен қысқарады. Егер бұған дейін су үнемдеу технологиялары жылына 30-35 мың гектар алқапқа ғана енгізілсе, соңғы екі жылда бұл көрсеткіш 150 мың гектарға дейін жетті. 2025 жылдың қорытындысында мұндай технологиялар енгізілген егіс көлемі 543,5 мың гектарды құрап, соның нәтижесінде 874 миллион текше метр су үнемделді. Ал 2030 жылға қарай су үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемін 1,3 миллион гектарға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл шамамен 2,2 миллиард текше метр су үнемдеуге, яғни суару суының шығынын 30 пайызға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

2026-2028 жылдары су үнемдеу технологияларын енгізуге жұмсалатын инвестициялық шығындарды субсидиялауға 214,6 миллиард теңге қарастырылды. Бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда төрт есе көп. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялауға 13,5 миллиард теңге бөлінеді. Мұның барлығы су ресурстарын ұтымды пайдалану мен аграрлық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған» дейді министр.

СУ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

Біз суды үнемдейміз деп қанша жерден ұрандатқанымызбен, оны пайдалану тетіктерін жаңартпасақ, су құбырларын жаңғыртпасақ оған бөлінген ақша да, айтылған сөз де бәрі бекер болмақ. Сондықтан ең бірінші су құбырларының жағдайын жан-жақты қарау керек. Бүгінде Қазақстан бойынша мыңдаған шақырымға созылатын суару арналары жұмыс істегенімен, олардың басым бөлігі әбден тозған. Көптеген каналдар ондаған жыл бойы күрделі жөндеусіз пайдаланылып келгендіктен, техникалық жағдайы нашарлап, су тасымалдау кезінде айтарлықтай шығынға жол берілуде. Бұл, әсіресе, су тапшылығы қаупі күшейіп отырған кезеңде аса өзекті мәселе ғой.

Осыған байланысты мемлекет су шығынын азайту және суару жүйелерінің тиімділігін арттыру мақсатында 2024-2028 жылдарға арналған су шаруашылығы саласын дамытудың кешенді жоспары бекітіліп, каналдарды кезең-кезеңімен реконструкциялау жұмыстары қолға алынған.

«РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 42 ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ. БҰЛ НЫСАНДАР ЕРІГЕН ЖӘНЕ ТАСҚЫН СУЛАРЫН ЖИНАУҒА МҮМКІНДІК БЕРІП, СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ТӘУЕКЕЛІН АЗАЙТАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР 37 ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ. БҰЛ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІН ДЕ ЕДӘУІР ЖАҚСАРТАДЫ»

«Бүгінде елімізде жалпы ұзындығы 45 мың шақырымнан асатын 8577 суару каналы бар. Соның шамамен 80 пайызы жер арнада орналасқан, тек 20 пайызы ғана бетонмен қапталған. Өкінішке қарай, каналдардың 60-70 пайыздан астамы 40-50 жылдан бері күрделі жөндеуден өтпеген. Соның салдарынан олардың техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз деңгейге жетіп, су тасымалдау кезіндегі шығын көлемі 50 пайызға дейін жетіп отыр» деді министр.

Оның сөзінше, 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында 2028 жылға дейін 14,4 мың шақырым канал қайта жаңғыртылып, су шығынын 50 пайыздан 35 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр. Бұл жұмыстар республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен жүргізілуде екен. Ал 2021-2024 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 5406 шақырым болатын 884 каналға күрделі жөндеу мен реконструкция жүргізілген. Ал 2025 жылы халықаралық қаржы институттарының несиелері мен республикалық бюджет қаражаты есебінен тағы 680 шақырым канал жаңғыртылған. Бұдан бөлек, жоспарға сәйкес, келесі жылы жалпы ұзындығы 913,6 шақырым каналға реконструкция жұмыстары жүргізіледі.

ҚҰБЫР ЖӨНДЕЛДІ ДЕП БАҒА ҚЫМБАТТАЙ МА?

Осы орайда, дикандар арасында «жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстары суармалы су тарифінің өсуіне әкелмей ме?» деген сұрақ туындайтыны заңды. Министрлікте инфрақұрылымды жаңарту шығындары тарифке белгілі бір деңгейде әсер етуі мүмкін екенін жасырмайды. Алайда бұл өзгерістер бақылаусыз жүргізілмейді деп сендіреді.

«Негізгі мақсат – суармалы су қызметінің сапасын арттыра отырып, тарифтің экономикалық негізді болуын қамтамасыз ету. Яғни, тарифтің өсуі тек нақты қажеттілікке және есепке сүйеніп жүзеге асады. Өңірлер арасындағы тариф айырмашылығы бірнеше объективті факторға байланысты қалыптасады. Атап айтқанда, су тұтыну көлемі, шаруалар саны, ирригациялық желілердің ұзындығы, кәсіпорындардың қызмет көрсету шығындары, активтердің құрылымы және инвестициялық бағдарламалардың көлемі тарифке тікелей әсер етеді. Сондықтан әр өңірдегі тариф деңгейі сол аймақтың нақты жағдайына байланысты жеке бекітіледі» деп отыр министрлік мамандары.

Жалпы, 2030 жылға дейін су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың тұжырымдамасына сәйкес 42 жаңа су қоймасы салынбақ. Осы уақыт арылығында 37 су қоймасын реконструкциялау, 14,5 мың км каналдарды жаңғырту, сондай-ақ 557 гидротехникалық құрылысты көпфакторлы тексеруден өткізу көзделген. Қаржыландыруды Ислам даму банкі, Азия даму банкі, Халықаралық қайта құру және даму банкі және нысаналы трансферттер есебінен тарту жоспарланған.

№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі



АЛПАУЫТТАР АРАСЫНДАҒЫ АРПАЛЫС

Дональд Трамптың 13-15 мамыр күндері Қытайға мемлекеттік сапармен баруы соңғы күндері халықаралық саясаттағы ең маңызды оқиғалардың біріне айналды. Өйткені Иран төңірегінде әскери-саяси шиеленіс күшейіп, АҚШ тығырыққа тіреліп тұрған шақта бұл кездесу тек екі ел арасындағы байланыс емес, әлемдік геосаяси тепе-теңдікке ықпал ететін маңызды дипломатия қадамы ретінде бағалануда.

ЕКІ БУРА СҮЙКЕНСЕ...

Бұл – АҚШ президентінің араға 9 жылға жуық уақыт салып Қытайға қайта сапарлап баруы. Трамп бұған дейін 2017 жылдың қараша айында Қытайға үш күндік мемлекеттік сапармен барған болатын. Сол кезде ол Қытайға ресми сапар жасаған АҚШ тарихындағы сегізінші президент әрі Қытай коммунистік партиясының XIX съезінен кейін елге келген алғашқы шетелдік көшбасшылардың бірі ретінде ерекше назарға ілікті. Бұдан бөлек, екі ел көшбасшылары 2025 жылғы 30 қазанда Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында өткен саммит аясында қайта жүздесті. Бұл – соңғы 6 жыл ішінде олардың алғашқы бетпе-бет кездесуі. Осы сапардан кейін АҚШ пен Қытай арасындағы текетірес сәл бәсеңдегендей көрінгенмен, Трамп әлемнің әр түкпірінде Қытай ықпалын тежеуге барын салды, яғни Вашингтонның Бейжің ықпалын шектеуге бағытталған стратегия ұстанымы қатаймаса, жұмсарған жоқ.

Панама каналы төңірегіндегі дау-дамай, Венесуэланың басшысын барымталап әкету мен Латын Америкасындағы ықпал үшін күрес – мұның бәрі АҚШ пен Қытай арасындағы жаһандық бәсекенің көрінісі ретінде бағаланып жүр. Тіпті Иран төңірегіндегі қақтығыстардың себебін суыртпақтасақ, оның да бір ұшы екі алпауыттың Таяу Шығыстағы стратегиялық мүдделер қақтығысына келіп тіреледі. Вашингтон аймақтағы әскери-саяси ықпалын сақтап қалуға тырысса, Бейжің энергетика қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, Иран арқылы өңірдегі экономикалық және саяси салмағын арттыруға ұмтылып отыр.

Reuters агенттігінің жазуынша, Дональд Трамп пен Си Цзиньпин Бейжіндегі кездесу барысында Иран мен Тайвань төңірегіндегі жағдайды, жасанды интеллект (ЖИ) және ядролық қарулану мәселелерін талқылауды, сондай-ақ аса маңызды минералдар туралы келісімді ұзарту мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр. Бұл келіссөздер тек екі елдің қарым-қатынасына ғана емес, алдағы жылдардағы әлемдік геосаяси тепе-теңдікке де ықпал ететіні айдан анық.

ИРАН МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ РӨЛІ

Трамптың бұл жолғы сапары 31 наурыз-2 сәуір аралығына жоспарланған еді. Алайда Таяу Шығыстағы шиеленіске байланысты сапардың мерзімі кейінге шегерілді.

АҚШ Израильдің айтағымен Иранға соққы жасап, парсы әскерінің әуе және теңіз күштерін әлсіретіп, ядролық қару жасау мүмкіндігін шектеуге тырысқанмен, әскери қақтығыста көздеген стратегиялық мақсатына әлі толық жете алған жоқ. Керісінше, 2,5 айға созылған текетірес Таяу Шығыстағы тұрақтылықты әлсіретіп қана қоймай, әлемдік энергетика нарығына да ауыр соққы. Әсіресе Ормуз бұғазы арқылы тасымалданатын мұнай мен газ жеткізілімінің үзілуі жаһандық нарықта тапшылық туғызды.

АҚШ-тың «Қытаймен арадағы байланысты әлсіретіп, Вашингтонның талаптарына бейімдел» деген қысымына Иран үзілді-кесілді қарсы шығып, Қытайдан әскери және саяси қолдау алуға ұмтылды. Яғни Вашингтон Иранға қысым көрсету арқылы аймақтағы ықпалын сақтап қалуға тырысқанмен, бұл қадам Тегеранды Қытай мен Ресейге бұрынғыдан да жақындата түсті. Оның үстіне Иран экономикасына салынған Батыс санкцияларының қысымын жеңілдетуде Бейжің Тегеран үшін ең ірі сауда нарығы, инвестиция көзі және стратегиялық тірекке айналды. Міне, осындай жағдайда Вашингтон Бейжіңнің өңірдегі ықпалын ескеруге және Қытай факторымен санасуға мәжбүр болды.

САУДА СОҒЫСЫНЫҢ САЛДАРЫ

Кездесудің екінші маңызды бағыты – АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қатынасы. Соңғы жылдары екі держава арасындағы тариф соғысы әлемдік экономикаға айрықша әсер етіп, халықаралық жеткізу тізбегінің бұзылуына, өндіріс шығынының артуына және жаһандық нарықтағы тұрақсыздықтың күшеюіне себеп. Әсіресе жоғары технология, микрочип өндірісі, сирек минералдар мен энергетика саласындағы бәсекелестік екі ел арасындағы текетірестің негізгі өзегіне айналды. Пусан қаласында өткен кездесуден кейін бұл «түтінсіз соғыс» біршама бәсеңдегендей әсер қалдырған. Екі тарап та экономикалық қысымның өздеріне ғана емес, әлемдік нарыққа да кері ықпалын түсіне бастағандай көрінді. Соның нәтижесінде Вашингтон мен Бейжің арасында сауда келіссөзін жандандыру, кейбір тарифті жеңілдету және стратегиялық тауарлар экспортына қатысты шектеулерді қайта қарау мәселелері талқылана бастады. Екі мемлекет өзара баж салығын 125 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетуге келісті. Сонымен қатар Қытай американдық ауыл шаруашылығы өнімдеріне салынған шектеулерді жұмсартып, сирек металдар экспортына қатысты тосқауылдарды алып тастады. Ал АҚШ кейбір кедендік шектеулерден бас тартты. Дегенмен екі ел арасындағы бәсекелестік уақытша саябырсығанмен, оның түпкі себебі жойылған жоқ. Өйткені бұл – тек экономикалық текетірес емес, әлемдік ықпал мен технологиялық үстемдік үшін жүріп жатқан ұзақмерзімді күрес.

Ескеретін тағы бір түйін, АҚШ үшін Қытай – ең ірі өндіріс базасы, ал Қытай үшін Америка – басты экспорт нарығының бірі. Сондықтан екі ел арасындағы саяси текетірес қанша күшейгенмен, экономикалық тәуелділік оларды ат кекілін шорт кесіп, бір-бірінен теріс айналып кетуге жібермей тұр. Мәселен, осы жолғы сапарда Трамппен бірге Илон Маск пен Тим Кук сияқты ірі бизнес өкілдерінің Бейжіңге баруы бұл кездесудің экономикалық салмағын арттыра түседі. Әсіресе Tesla мен Apple үшін Қытай нарығы аса маңызды. Tesla-ның ең ірі өндіріс алаңдарының бірі Қытайда орналасса, Apple өнімдерінің басым бөлігі де осы елде құрастырылады. Сондықтан бұл сапар АҚШ әкімшілігінің Қытаймен тек саяси диалогты ғана емес, технология, өндіріс және инвестиция байланысын сақтап қалуға мүдделі екенін аңғартады. Бұл арада Қытайдың сирек кездесетін металдарды маңызды геосаяси құрал ретінде пайдаланып отырғанын айта кеткен жөн. Қытай жоғары технологиялық өндіріске қажет сирек кездесетін металдардың шамамен 80 пайызын өндіреді. Бұл металдар микрочип, аккумулятор, электр көлігі, әскери техника, жасанды интеллект жүйелері мен жоғары технология өндірісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан Бейжің сирек металдар экспортын шектеу немесе бақылауды күшейту арқылы АҚШ пен Батыс елдеріне экономикалық қысым жасау тетігін қалыптастырып отыр. Әсіресе Вашингтон Қытайдың технологиялық ықпалын әлсіретуге бағытталған санкциялар мен шектеулерді күшейткен сайын Бейжің де жауап ретінде сирек минералдарды стратегиялық «козырь» ретінде пайдалануға көшті. Жапония мен АҚШ-тың Қазақстандағы сирек металдарға қызығушылық танытуы да Қытайдың осы саясатымен тікелей байланысты. Себебі Бейжіңнің сирек минералдарды геосаяси қысым құралы ретінде пайдалана бастауы Батыс елдері мен олардың серіктестерін балама шикізат көздерін іздеуге мәжбүр етті.

ТАЙВАНЬ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Екі ел арасындағы ең күрделі тақырыптың бірі Тайвань мәселесі болып қала береді. АҚШ-тың Тайваньға қару сатуы Бейжіңнің қатаң наразылығын туғызуда. Мәселен, өткен жылдың соңында Вашингтон Тайваньға арналған ең ірі қару-жарақ келісімін мақұлдады. Атап айтқанда, Трамп әкімшілігі Тайваньға 11,1 миллиард долларға бағаланған ірі қару-жарақ келісімін мақұлдады. Жеткізілімдер тізіміне HIMARS зымыран жүйелері, Javelin танкке қарсы зымыран жүйелері, Altius дрондары, гаубицалар, сондай-ақ басқа да қару-жарақтарға арналған компоненттер мен жабдықтар кіреді. Тайвань Сыртқы істер министрлігі бұл Дональд Трамптың екінші мерзімі басталғаннан бергі екінші қару-жарақ келісімі екенін атап өтті. Арал билігі мұны Вашингтонның Тайваньның қауіпсіздік мәселелеріне қатысты берік ұстанымын растау ретінде қарастырады. Ал Қытай Сыртқы істер министрлігі мұны Бейжің мен Вашингтон арасындағы дипломатия келісімін бұзады деп бағалады.

Қытай Тайваньды өзінің бір бөлігі санайды және қажет жағдайда күш қолдануға дайын екенін бірнеше рет мәлімдеген. Вашингтон «Бір Қытай» саясатын ресми мойындағанмен, Тайваньның қауіпсіздігін қолдауды жалғастырып келеді. Сондықтан бұл мәселе Дональд Трамп пен Си Цзиньпин келіссөздерінің ең шиеленісті бөлігі болуы ықтимал. Дейтұрғанмен Тайвань тарапы Трамп Қытаймен мәміле жасау барысында арал мүддесін екінші кезекке ысырып жіберуі мүмкін деген қауіптен де ада емес. Әсіресе Трамптың сыртқы саясатта экономикалық пайда мен ірі келісімдерге басымдық беретін прагматикалық ұстанымы Тайбэйде алаңдаушылық туғызды. Сарапшылар арасында да егер Вашингтон Бейжіңмен сауда соғысын бәсеңдету немесе сирек металдар, технология және өндіріс мәселелерінде тиімді келісімге қол жеткізуге ұмтылса, онда Тайвань мәселесі белгілі бір деңгейде саяси сауданың құралына айналуы мүмкін деген күдік бар. Бір қызығы, Трамп Қытайға аттанып бара жатып, Иранмен арадағы қақтығысты шешуде Қытайдың көмегіне сенбейтінін, ал Украинадағы соғыс таяуда аяқталады деп мәлімдеді.

Қысқасы, Трамптың Қытайға сапары жай ғана дипломатиялық кездесу емес. Бұл – әлемдегі екі ірі державаның қазіргі халықаралық тәртіпті қайта айқындауға бағытталған саяси диалогы. Шығыс Еуропадағы шиеленіс, Иран дағдарысы, сауда соғысы, Тайвань мәселесі және адам құқығы тақырыптары осы кездесудің аясында тоғысып отыр. Егер тараптар ортақ мәмілеге келе алса, бұл жаһандық экономика мен халықаралық қауіпсіздікке оң әсер етуі мүмкін. Ал керісінше жағдайда АҚШ пен Қытай арасындағы текетірес жаңа кезеңге өтуі ықтимал. Сондықтан Бейжіндегі бұл кездесу әлем саясатындағы шешуші сәттердің бірі ретінде тарихта қалуы ғажап емес. Бірақ бір мәселе анық: кездесу барысында қандай келелі келісімдер жасалса да, АҚШ-тың Қытай ықпалын тежеуге бағытталған стратегиялық саясаты түбегейлі өзгермейді. Вашингтон Бейжіңмен экономикалық байланыстарды сақтауға мүдделі болғанмен, Қытайдың технологиялық, әскери және геосаяси ықпалының шамадан тыс күшеюін өзінің жаһандық көшбасшылығына төнген басты қатердің бірі ретінде қарастырады. Демек, Д.Трамп пен С.Цзиньпин кездесуі екі ел арасындағы текетіресті уақытша бәсеңдетуі мүмкін болғанмен, АҚШ пен Қытай арасындағы жаһандық бәсекелестіктің түпкі сипатын өзгерте қоюы екіталай.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ОРМУЗ БҰҒАЗЫНДА – ҚАРБАЛАС

Бірқатар мемлекет Ормуз бұғазындағы кеме қатынасын қорғауға кіріспек. Франция мен Ұлыбритания бастаған миссияға Австралия қосылуға ниетті. Канберра аймаққа радармен жабдықталған әскери ұшақ аттандыруға дайын. Сондай-ақ Сеул де шет қалмаймыз деп отыр.

Ұлыбритания да әскерін аттандыруға әзір, тіпті бұл миссияға 150 млн доллар жұмсайтынын жеткізді. Жалпы Париж бен Лондон бастаған миссияға 40 ел атсалысуға бейіл. Франция мен Ұлыбритания басшыларының айтуына қарағанда, бұл операция тек Ормуз бұғазындағы кеме қатынасын қорғауға бағытталған. Сейсенбі күні АҚШ Қарулы күштері орталық қолбасшылығы «Американдық 20-дан астам әскери кеме Ормуз бұғазын күзетеді» деп хабарлады.

ХАНТАВИРУС ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?


Нидерландтың круиз кемесінде 8 адам хантавирус жұқтырды, 10-ға жуық адам эвакуацияланған. Кеме Тенерифеге жеткен соң, өзге жолаушылар өз еліне қайтады. Ал Испанияның 14 азаматы 45 күнге карантинде қалады.



Қазір Еуропа мен Африка елдерінің билігі кемеден өз еркімен түсіп қалған 40-қа жуық жолаушыны іздеп жатыр. Лайнер сапарын сәуір айында Аргентинадан бастаған. «Бұл аймақта хантавирустың «Андес» деп аталатын түрі кең таралған» дейді мамандар. Нидерландтың круиз кемесінде 28 елден келген 150-ге жуық саяхатшы болған. Әзірге 11 адамның хантавирус жұқтырғаны белгілі. Олардың 3-еуі көз жұмды. Хантавирус адамнан адамға жұғуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осылай деп мәлімдеді.

«САРМАТ» СЫНАҚТАН ӨТТІ

Ресейдің стратегиялық зымыран күштері қолбасшысы Сергей Каракаев президент Владимир Путинге «Сармат» зымыран жүйесі сынақтан сәтті өткенін мәлім етті.



«Сармат» – ядролық бомбаны нысанаға жеткізетін құрлықаралық баллистика зымыраны. Ол қазіргі Ресей қарулы күштерінің Кеңес Одағы кезінде жасалған ескі зымырандарын алмастырмақ. Сынақ жайлы пікірінде Путин «Сармат» бойынша жұмыс 2011 жылы басталғанын айтып, оны әлемдегі ең қуатты стратегиялық зымыран жүйесі деп сипаттады. Оның сөзінше, нысанаға тигізетін бомбаның қуаты Батыстағы кез келген баламасынан төрт есе жоғары. Ол 35000 шақырымнан асатын қашықтыққа жете алады (Жер экваторының ұзындығы – шамамен 40000 шақырым). В.Путин бұл жүйе биыл жыл соңында «жауынгерлік кезекшілікке қойылады» деді.

№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі

МЫҢЖЫЛДЫҚТАР ИГІЛІГІ



Ұлы даланың дархандықпен жаратылған төрт құбыласы сай дарабозы, алтын дауысы, елұранындай аталы сөздер мен лағыл сырлардың оман дариясы, жауһар көңіл кеніші Олжас аға Сүлейменов тоқсанның төріне шыққанда өзімнің жадымда жатталған көркемсуреттей әсерлеріммен бөліссем деймін.

1968 жылдың 4 ақпанынан бастап КазГУ-дің филология факультетінде оқуды сырттай бөлімнен ауысып, стационарлық бөлімде жалғастырдым. Мәметова көшесінің Фурманов көшесімен қиылысында, «Октябрь» кинотеатрының қарсысында жерге батып кеткен лашықта (от жағатын пештің қасында) 2 студент жаттық. Бірде Фурманов көшесімен өрлеп университетке келе жатқанда газет-журналдар дүңгіршегінен бұрын естіп-көрмеген «Вечерняя Алма-Ата» газетін сатып алып қарасам, жақын арада Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы сессиясы болады екен. Айы, күні, сағаты нақты көрсетілген. Қуанғаным соншалық, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланды көру арманым еді. Өйткені «Білім және еңбек» журналы мен «Қазақстан пионері» газетінен аңыз ғұламаның мақалаларын оқып тұрушы едім. Бұған қоса ел ішінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан туралы әсерлі әңгімелер айтылатын-ды.

Сонымен не керек, сессия болатын күні академияға келдім. Мүйізі қарағайдай академиктердің ортасынан кесек тұлғалы, ай маңдайлы Ә.Х.Марғұланды сыртынан тамашалап тұрғанда, бір мезетте самырсындай сымбатты, шыңға біткен алтын шынардай тіп-тік Олжас Сүлейменов аршындай басып, атандай алшаңдап Әлекеңмен сұңқарша саңқылдап амандасты.

Әлкей Хақанұлы жалынды жас ақынның иығынан мығымдап ұстап, оның құлындай сұлу мүсінін бастан-аяқ сыншыл көзқараспен, талғампаздықпен сүзіп-тексеріп шықты.

О кезде мұнда не сыр бар екенін жете түсінгенім жоқ. Дегенмен де осы бір сұлу көрініс көңіл айнасында сәуле түсіргені анық еді.

1975 жылдың жазында Ғылым академиясының қабырғасында ақын Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» дейтін ғажап кітабы шығыпты деген күннің күркірегеніндей жаңалық желдей есті де, артынша кітап дүкендерінен тегіс жиналып, тыйым салыныпты дейтін жаманат хабар өртше лаулап, өршеленіп тарады. Сол бір күндерде Қазақ ССР Ғылым академиясы Биология ғылымдары бөлімшесінің академик-хатшысы Темірбай Дарханбаев (1910-1987) көлігіне мені мінгізіп алды да, Алматы қаласындағы ірі кітап дүкендерін аралап, ««Аз и Я»-ны таба алмай діңкеміз құрып, үмітіміз өшіп, бір уақытта қазіргі Төле би мен Наурызбай батыр көшесінің қиылысындағы «Медицина» атты дүңгіршекке бас сұғып, ««Аз и Я»-ны сұрағанымызда бар-жоғы 2 дана қалған екен. Құдайдың дес берісі, солар біздерге бұйырды-ау!

Менің қолымда өртенуге кеткен «Аз и Я»-ның данасы. Олжас ағамызға 1989 жылы осы «Аз и Я»-ны көрсеткенде жаны жадырап, қанаттанып, 4 жасар ұлыма лебізін жазып берген-ді.

Дәуір дауылпазы Олжас Сүлейменов Қызыл империяның қызылкөздерінің қанын қыздырып, мөңкітіп-тулатқан, олардың жүзжылдықтар бойы әбден қалыптасқан талғам-түсініктерін мейлінше зерделілікпен, әділетті ұстанымдармен, таза пайымдаулармен байытқан «Аз и Я» еңбегі көне славян жәдігері, «орыстың тілі мен сөйлеу парасатының оқулығы», «Игорь жасағы туралы жыр» мен б.з.д. төртінші мыңжылдықта дәурендеген шумер-түрік тілдері байланыстарын тарихи-филологиялық, текстологиялық тұрғыдан көшелі талдауға негізделген.

Алдымен «поэзия тарихтан тереңірек» деп, Аристотель айтқандай, ерен ақынның сұңғыла суреткерлік қабілеті, сыншылдық, ойшылдық көзқарасы, тарихшылдығы мен лингвистикалық өресі «Игорь жасағы туралы жырдың» табиғатын, тілдік және көркемдік құрылымын, этимологиясын, текстологиясын, поэтикасын, сөз қолдану ерекшеліктерін айқындау барысында жанды пікірлер өрбітеді.

«Жырдың» көркемдік мазмұнын, тарихи дәуірін тамыршыдай білгірлік, жүйріктік танытқан О.Сүлейменовтің көрсетуінше, 2800 сөз бар екен. Және де «Жырды» көне орыс тілінен ондаған оқымыстылар мен жазушылар тәржімалаған, көшірген. Сондықтан стильдік, тілдік, шеберлік жағынан қисынды, қисынсыз әр алуандылық туындайтыны даусыз. «Біз «Жырды» екі дәуірдің – XII және XVI ғасырлар тілі мен поэзиясының ескерткіші деп санауға толық хақымыз бар» деген сындарлы пікір айтады.


Тілдің энергиясын, гармониясын, стилистикасын, философиясын жіті ұғынған Олжас Сүлейменов 1) жырдың көмескілігін; 2) жазу ережесі сақталмағанын: не жол белгілері, не сөз даралығы, айқындығы, 3) басқа тілден енген атауды үндестігіне орай ана тілінің сөзімен қабыстыру; 4) ой бағдарын түсінбеу, яғни көркем ойлау заңдылықтарын сақтамау; 5) шығарманың шынайы контекстіне сөзді дұрыс пайдаланбау. Мінеки, осындай көркемдік шарттар мен қағидаттарды ұстанған ой мен сөз ұстасы А.И.Мусин – Пушкин мен Шербатовтың қайшылықты қисынсыздықтарын нақты көрсеткен: талғамсыздық, грамматикалық селкеуліктер, жалған сарындар мен теңеулер, сөздерді теріс жіктеу. Мысалы: «оттвориша», «русский» (Мусин-Пушкин).

Әлденеше құпия шытырмандарға толы тарихи жылнамаларды көшіру де қиямет-қайым. Сондықтан да көшірмеші әрі белсенді түсіндіруші, әрі редактор, әрі қосалқы автор деп түсіндіреді Олжас Омарұлы Сүлейменов.

«Аз и Я»-ның авторы «Тасада қалған түрік сөздерін» бажайлап көрсеткенде, ең алдымен, орыс ақыны Сергей Марковтың:

Игорь жасағы туралы ұлы жырда,
Славян жазуына
Қыпшақ сөздері
Шырмауықтай оралған –

дейтін өркениетті ұсыныстай шумағын келтіреді де, буйтур, батур, боотур, богатур, богатырь сөз-ұғымдарын тізіп, Мусин-Пушкин қолжазбасындағы буй – тағы, жабайы; тур – өгіз, бұқа сөздерге жүгінеді.



Я болмаса «дебр-қисан» (темір кісен), «сегіз ойлы» («осмомысл», «восьмигранный», «восьмиугольный»).

XIII ғасырда Мажарстанда қыпшақтардың бекініс-қалалары «Дебрь-кент», «Дебр-кен», «Темер-кен» («Темір қала») деп аталған (Ю.Немет. Два кипчакских географических названия в Венгрии. – В. сб.: Исследования по тюркологии. – Алма-Ата, 1969. С. 23-26).

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде де «Темір қақпа» атауы сақталған.

Тегінде, «Аз и Я»-ның туындысегі «Игорь жасағы туралы жырдың» тарихнамасын (жариялану, көшірмелер жайы, зерттелу тарихы дегендей) түбегейлеп, мұқият тәптіштеген, тәпсірлеген.

Мәселен, 1964 жылы Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасынан 1890 жылғы «Вриений жылнамасын» тауып алғанын және «Татищев» жылнамасы «Осыншалық аумақты жалған жазбаның салиқалы құжаттар тізіміне енуіне не делік?» деп өкінеді. Өйткені «Императорлық Ресейдің бас тарихшысы» Татищевтің былықтарына сүйенгендіктен жаңсақ жолға түскеніне қынжылады.

Игорьдің сипаттамасына байланысты Л.Н.Гумилевтің күмәнданғанын әділетті санайды.

Олжас Сүлейменов «өз пікіріне өзі табынғандарға», өрекпіген даңққұмар дәлелсіз сөйлейтіндерге, тарысы піскен күмпигендерге сес көрсетеді.

Ол Г.Н.Потаниннің «Орта ғасырдағы Еуропалық эпостағы Шығыс сарыны» (М., 1899), М.И.Артамоновтың «Хазарлар тарихы» (М., 1962), Ф.П.Сороколетовтың «История военной лексики в русском языке» (Л., 1970) атты еңбектеріне және славист В.А.Пархоменконың «Жылнамалардағы қыпшақ эпосының іздері» дейтін мақаласындағы ой-тұжырымдарға ден қояды.

Озат ойлы О.Сүлейменовтің баға жетпес үздік тұжырымдарына ортақтасайық:

а) «Жырдың» беймәлім авторы түркі сөздерін, атауларын, сөз тіркестерін шынайы қолданған. «Ол шығармасын XII ғасырдың екі тілді оқырманына арнаған!».

ә) «XII ғасырдағы түркі тілі кінәздар сарайларындағы ғана емес, сауда және соғыс ісіне араласып отырды».

б) «Киев кінәздәрінің жасақтарының біразын түркілер құрды».

в) «Тіпті қайта көшірілген кезде аман қалған түркі сөздерінің өзі «Жырға» бір тостаған Днепр суына Басқұншақ тұзының бір шөкімін ерітіп ішкізгендей ерекше нәр беріп тұр емес пе?!».

Славяндар дала тайпаларымен қатар ғұмыр кешкендіктен олар түрік тілінің диалектілік-ерекшеліктерін сақтаған.

«1185 жылы Ипатьев жылнамасында Игорьге қарсы соғысқа қатынасқан қыпшақ рулары «И токсобичи, и етебичи, и тертробичи, и колобичи» делініп саналады.

Мен оларды токсоба («тоғыз үй»), етіоба («жеті үй»), төрт оба («төрт үй»), колоба («бес үй») деп қалпына келтіремін».

Түрік этнонимдері, тайпа таңбалары, Мысыр мәмлүктері, қыпшақ ғұламалары (әл-Фараби, Исқақ-әл-Отырари, Ысмайыл, әл-Жауһари, Жамал әл-Сығанақи, әл-Қыпшақи) жайында «Аз и Я» кітабында деректер бар.

Шыңғысхан дәуірінен кейін қыруар түріктің ру-тайпалары Мажарстанға, Қап тауларына шейін жайылған.

Теңдессіз ақындық алғырлығы, тапқырлығы, лидерлік-стратегтік тұлғасы, отаншылдық рухы, асқақ патриоттық сезімі терең, көркемдік ойлау жүйесі мінсіз Олжас Сүлейменов б.з.д. төртінші мыңжылдықта пайда болған шумер тілінің лексикасы (түрік лексикасымен салыстырудың мәнісі), фонетикалық құрылымы (дауысты-дауыссыз дыбыстардың реті), морфологиясы, этимологиясы нақтылы мысалдармен дәлелденеді. Асылында, «тарихи дерек – дәуір мәйегі».

Олжас Сүлейменов Шумер өркениетінің жазу тарихын бажайлап зерделеу барысында шумер сөздік-лұғаттық қорынан ерекше 60 сөзді (шумер есебінің ең бір жоғары математикалық өлшемі) таңдап алып, түркі лексикасымен салыстырудың кестесін білімпаздықпен жасап шығарған. Мәселен: Ада-әке; Ту-туу; Тир (тил, ти) – өмір; Ерен-сарбаз, қызметші; Емек-тіл; Бильга – ата-баба; ме – мен; тингир, тигир – тенгиз; кен – кең; узук – ұзын, биік және т.с.с. Бұлардың барлығы түркі тілінде де қолданыста бар екенін көрсеткен.

Мыңжылдықтардың даусын естігендей күй кешкен, рухын, сырын, өнерін тірілткен Олжас Сүлейменов «шумерлік таңбаның даналығы қайран қалдырады» деп тебіренеді. Шумер дегеніміз «Суб-йер» (Су-Жер). Нағыз Елтаңбаның көрсеткіштері. Су мен Жер – елдің, халықтың тағдыры, рухани көркеюінің кепілі.

Түркітанушы Олжас Сүлейменов б.з.д. IV мыңжылдықта түркінің көне тілінде он мыңдай сөз болған деп шамалайды. Сондай-ақ шумер-түркі ара-қатынасы, мәдени-рухани туыстығы, шумерлердің жерлеу ғұрпы, үндіеуропалық тіл білімі мен Орхон-Енисей түркі жазба ескерткіштерінің тарихы, Ассирия-Вавилон өркениеті, түркі жұрттарының Ұлы көші лингвистикалық, палеографиялық, тарихи-этнографиялық, өнертанушылық, археологиялық, географиялық тұрғыдан кешенді түрде мұқият сипатталады.

Асылдардың асылы, заманымыздың абызы Олжас аға Сүлейменовтің білімді, мәдениетті, есті оқырмандардың алдында тауда ойнаған тағыдай шыршық атып, толқындатып-жалындатып оқыған отты жырлары мен ойлы сөздерін сан мәрте тыңдадым.

Сұңқардай саңқылдаған даусында сыршылдық та, ойшылдық та, тапқырлық та, шеберлік те шұғыладай өріліп, ақындық даналықтың рухани кеңістігін мәлімдеуші еді.

Шумер өркениетінен, Орхон-Енисей түркі жазба ескерткіштерінен, Дешті-Қыпшақ заманынан сыр толғаған отантанушы, елтанушы, мәдениеттанушы, тілтанушы, көсемсөзші Олжас Сүлейменовтің «Тауларды аласартпай, Даланы асқақтатайық!»; «Халқым, Абылай мен Абайдың тағылымын ұмытпа!» дегені ел өмірінің жұлдызнамасындай деуге болады.

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор

БАТЫР БЕЙНЕСІ – САХНАДА

Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай Астана қаласының Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Ар адамы. Бауыржан» деректі драмасын кезекті рет ұсынды.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

«Ар адамы. Бауыржан» деректі драмасы – адамзат тарихындағы ең ауыр кезең Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қасірет пен ерліктің, ар-намыстың және отансүйгіштіктің көркем шежіресі. Туындыда даңқты қолбасшы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының қайраткерлік тұлғасы, жауынгерлік рухы, әділет пен адамгершілікке деген биік мұраты сахна тілімен бейнеленді.

Деректі драма – жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім, адалдық, намысшылдық сияқты асыл қасиеттерді сіңіретін, шынайы батырлықтың бейнесін көрсететін көркем туынды.

Қойылымның мақсаты – ұлт тарихын танудың және ұлы тұлғалардан тағылым алудың жарқын үлгісін дәріптеу.

– Іс-шара Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай ұйымдастырылды. «Ар адамы. Бауыржан» атты спектакль ерекше сахналанды. Көрермендер де дән риза. Қоюшы режиссер – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жұлдызбек Жұманбай, Авторы – Бақытбек Қадыр. Бауыржан Момышұлының соғыс кезіндегі бейнесін дарынды актер Әмірхан Оразбақ, ал зейнеткерлік шағын Мәдениет саласының үздігі Айбол Шәкіржанов сомдады. Биыл екінші рет сахналанып отыр. Аңыз адам, батыр Бауыржан Момышұлының балалық шағы, соғыстағы ерлігі, өмірлік ұстанымы көрсетілді, – деді Ә.Мәмбетов атындағы драма және комедия театры ұйымдастыру бөлімінің менеджері Нұрғабдин Бибісара.

Көрермендер де бұл жолғы батыр бейнесінің сахналануы, 1941-1945 жылдардағы зұлматты соғыс кезеңін бейнелеу жөнінде ой бөлісті.

– Біз отбасымызбен келдік, немерем де бар. Өйткені қазақтан осындай дара тұлға шығып, соғыс кезінде ерлік көрсетуі, әлемді айбынымен тәнті етуі – біз үшін мақтаныш. Сондықтан жас ұрпақ даңқты қолбасшы, батыр Бауыржан Момышұлы туралы біліп, дәріптеп, ұмытпай отыруымыз керек деп санаймыз, – деді зейнеткер Әбдіғали Қайырханов.

№55-56 (4954) 14/05/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
18 МАМЫР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:10 «Әскери ант» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «Жалған өмір» телехикаясы.
14:20 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
15:00 «Ақорда»
15:00 «СҰЛЕЙМЕНОВ ФЕНОМЕНІ»
15:15 «Әндер мен жылдар»
15:50 «Біздің сынып» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ7:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.
1:30 «Ашық алаң»
2:15 «Сүлейменов феномені»
2:35 «Қызық екен...»
3:15 «Әскери ант» телехикаясы.

5:00 Телехикая «Фатмагүл»
7:00 «Оян!»
9:00 Мультсериал «Турбозавры»
10:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12:00 «Cover show»
14:00 «Әлеумет»
14:30 «Көзқарас»
15:00 Комедия «Сын Рэмбо»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
20:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
22:00 «КешREC»
23:00 Драма «Рокки»

ASTANA TV

06.00 «Келіндер» телехикаясы
06.40 «Если бы...» индийское кино
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.10 «Гүлжемал» телехикаясы
11.35 «Бажа» телехикаясы
12.10 «Ва-Банк» к/ф
14.00 «Шымкент-шоу»
14.20 «Зу-зу Күлпәш 3» телехикаясы
15.40 «Ана» телехикаясы
16.40 «Алпарслан 2» телехикаясы
17.35 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Гүлжемал» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
13:20 «АНАЛИТИКА»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЫСЛИТЕЛЬ ДОБРОГО СТОЛЕТЬЯ»
20:45 «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ 4»
1:15 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:50 «ЗЕЛЕНЫЙ ФУРГОН. СОВСЕМ ДРУГАЯ ИСТОРИЯ»
3:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ӨМІР-СЫНАҚ»
9:40 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
14:30 «РЕВАНШ»
16:30 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ШЕФ-7», криминальная драма.
1:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ»
3:10 «ӨМІР-СЫНАҚ»
4:25 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
4:50 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:30 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Тәтті шоу»
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
10:50 «Пингвины Мадагаскара»
11:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:30 «Тойхана» (повтор)
14:20 «Рэмбо 4» (повтор)
16:00 «План побега» (повтор)
18:10 «Ордер на смерть»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «День спасения Земли»
22:50 «Снайпер: Наследие»
00:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын»

6:00 Әнұран
6:02 «Ата-ана. Бала-шаға» телехикая
7:00 «Үзілген жапырақтар» телехикая
8:40 «Әңгімесі ауылдың» телехикая
9:40 «АЛЫС ШАҺАР» телехикая
